

2

Әр дауыс —
ел болашағы
үшін

15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!

ELECTION.GOV.KZ

4

Жеңілдетілген
ипотекалық
бағдарламаға
кімдер қатыса
алады?



DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады

№8 (18568)

19 ақпан 2026 жыл

WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

8

АЙМАҚТА АВИАЦИЯ МАМАНДАРЫ ҚАЛАЙ ДАЯРЛАНЫП ЖАТЫР?



7

Цифрлық
гигиена:
жаңа
шектеулер
талқылануда



9

Туризмді
дамытуға
не тосқауыл?



#ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

Маркетплейске қатысты шағымдар

Қазіргі әлемде маркетплейстер өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды, алайда онлайн-шопингтің танымалдылығымен бірге даулы жағдайлардың да саны артып келеді.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Шығыс Қазақстан облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне үш тұтынушы танымал Wildberries маркетплейсінің үстінен шағыммен жүгінді.

Бірінші жағдайда, тұтынушы VIVO маркалы ұялы телефонын сатып алған. Алайда қаптаманы ашқан кезде тауардың сәйкес келмейтіні анықталды: тапсырыс орнына бұрын қолданыста болған және өндірістен шығарылған 2017 жылғы OPPO телефоны келген. Тексеру кезінде телефонның сыртындағы пленканың зауыттық емес екені, ал қорғаныш әйнегінде астында ауа көпіршіктері бары анықталды.

Екінші жағдайда, тұтынушы жылы бомбер-куртка сатып алған. Тауарды алғаннан кейін өндірістік ақау анықталды — куртканың мамығы түсе бастаған, бұл тауарды мақсатына сай пайдалануға мүмкіндік бермейді.

Үшінші жағдайда, тауарды киіп көру кезінде тапсырыс беру пунктін қызметкері тапсырыс ұяшығын жауып тастаған, салдарынан тұтынушының шотынан

қаражат автоматты түрде алынған. Алайда тұтынушы тауарды сатып алуға келісім бермеген және тауар іс жүзінде қабылданбаған. Қайтаруды рәсімдеу кезінде маркетплейс бұл тауардың «Іш киім» санатына жататынын және қайтаруға жатпайтынын алға тартып, бас тартқан.

Осы үш жағдайда да сатып алушылар мәселені «Wildberries» қолдау қызметімен ұзақ хат алмасу арқылы бейбіт жолмен шешуге тырысқан. Бірақ ешқандай нәтиже болмай, азаматтар ШҚО бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне жүгінуге мәжбүр болды.

Өтініштерді қарау аясында Департамент «Wildberries» компаниясына мәселені сотқа дейінгі тәртіппен реттеу үшін сұраныс жолдап, ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңында қарастырылған тәртіптерді түсіндірді.

Нәтижесінде Департаментке жүгінген тұтынушыларға жалпы сомасы 233 090 теңге көлеміндегі қаражаттары қайтарылды.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті маркетплейстер тарапынан құқықтарыңыз бұзылған жағдайда, растаушы құжаттар мен хаттарды сақтай отырып, Департаментке хабарласуды ұсынады.

Ақаулы диван үшін төленген қаржы толық қайтарылды

Облыс тұрғыны сапасыз диван үшін төлеген қаражатты қайтарып алды. Облыстық сауда және тұтынушылар құқығын қорғау департаментінің араласуынан кейін сатушы жиһаздың ақшасын толық кері қайтарған.

Облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Асхат Сағидолдиннің айтуынша, тұтынушы диван үшін төлеген ақшасын қайтару мәселесі бойынша аталмыш департаментке өтініш білдіреді. Белгілі болғандай, ақаулар жиһазды құрастыру барысында анықталған, атап айтқанда, диванның бір жағы екінші жағынан төмен, отыратын жерінде ойықтар болған, сондай-ақ диван мен шынтақша арасында екі сантиметрден асатын саңылау болған.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңның 15-ші бабына сәйкес сапасы тиісті емес тауар сатып алған тұтынушы шартты бұзуға және тауар үшін төленген ақшаны қайтаруды талап етуге құқылы.

Тұтынушы заң аясында әрекет етіп, сатушыға шартты бұзу және төленген қаражатты қайтару туралы талап қойған. Алайда кәсіпкер өз кінәсін мойындамай,



ақшаны қайтару процесін созған. Сатушы тарапынан мәселенің ерікті түрде шешілуін күтпеген тұтынушы біздің департаментке көмек сұрап жүгінді.

Өтінішті қарау шеңберінде департамент сатушымен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, заңнама нормалары мен оларды бұзғаны үшін қарастырылған жауапкершілік туралы ескертті. Нәтижесінде дау сотқа дейінгі тәртіппен реттеліп, тұтынушыға 224 250 теңге мөлшеріндегі қаражаты қайтарылды.

«Didar» ақпарат

ҚҰРМЕТТІ КӘСІПКЕРЛЕР!

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 2026 жылғы 28 ақпан қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны ұсынудың соңғы күні екенін хабарлайды. Жалпыға бірдей белгіленген режимге автоматты түрде ауысудың алдын алу үшін хабарламаны тапсыруды кейінге қалдырмауды ұсынамыз.

Қазақстан Республикасының жаңа Салық кодексіне сәйкес үш арнайы салық режимі қарастырылған:

- өзін - өзі жұмыспен қамтығандар үшін;
- оңайлатылған декларация негізінде;
- шаруа және фермер қожалықтары үшін.

Оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін қолдануды жоспарлап отырған салық төлеушілер 2026 жылғы 28 ақпаннан кешіктірмей қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны ұсынуы қажет.

Назар аударыңыз: белгіленген мерзімде хабарлама ұсынылмаған жағдайда, салық төлеуші жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне автоматты түрде ауыстырылған болып есептеледі. Режимді қолдануды бастау мерзімі — 2026 жылғы 1 қаңтар болып есептеледі.

Хабарламаны келесі тәсілдер арқылы тапсыруға болады:

- Салық төлеушінің кабинеті арқылы (СӘБЖ АЖ, «Құжаттарды тапсыру» бөлімі — «Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама»);
- «e-Salyq Business» мобильді қосымшасы арқылы



(«Қызметтер» бөлімі — «ЖК салық режимін өзгерту»);

- орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына (қағаз жеткізгіште);
- екінші деңгейлі банктердің қосымшалары арқылы («Мемлекеттік қызметтер» бөлімі — «ЖК деректемелері мен салық режимін өзгерту»).

ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

ВАКАНСИЯЛАР

Өскемен қ.

«Казцинк-Темиртранс» ЖШС Өскемен цехына:

- жылжымалы құрамды жөндеуші слесарь;
- тепловоз машинисті;
- пойыз құрастырушы;
- электржабдық жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер;
- аға құрылысшы-инженер қажет.

Байланыс деректері: 8 (7232) 29-27-91, түйіндемені мына мекенжайға әкелу: Өскемен қаласы, Промышленная көшесі, 1 немесе Yelena.Bobrova@kazzinc.com, Albina.Artamonova@kazzinc.com эл. мекенжайларына.

Риддер қ.

«Казцинк-Темиртранс» ЖШС Риддер цехына

- пойыз құрастырушы;
- жол монтері;
- жылжымалы құрамды жөндеуші слесарь қажет.

Байланыс деректері: 8 (72336) 2-76-54, +7-771-095-20-47, түйіндемені мына мекенжайға әкелу: Риддер қаласы, Горноспасательная көшесі, 23 немесе Olga.V.Medvedeva@kazzinc.com эл. мекенжайына.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Шыңғыстай ауылы, Бухтарминская көшесі, Шыңғыстай ауылының мәдениет үйінде 2026 жылы 6 сәуірде сағат 11.00-де «Өскемен-Тазалық» ЖШС «Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Шыңғыстай ауылы маңында Ұсақтау-сұрыптау қондырғысы бар асфальт-бетон зауытын салу» жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Тіркеу талқылауға дейін 30 минут бұрын басталады.

Қоғамдық тыңдауларға ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы онлайн режимінде қосылуға болады

<https://us05web.zoom.us/j/9727998271?pwd=i8V29FfIP2PalUzHiYMF9aJthaGhT9.1&omn=81035460794>

Конференция коды: 972 799 8271

Қол жеткізу коды: 7kaWxXc

Әкімшілік жағынан ұсақтау сұрыптау қондырғысы және асфальтбетон зауыты Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Шыңғыстай ауылының шығысында 1540 м қашықтықта орналасқан. Әсер ету аймағы: географиялық координаттар: 1) 49°10'36.4775» с.е., 85°54'26.1657» ш.б.; 2) 49°10'37.1433» с.е., 85°54'26.2237» ш.б.; 3) 49°10'38.6166» с.е., 85°54'28.8799» ш.б.; 4) 49°10'38.3805» с.е., 85°54'32.4422» ш.б.; 5) 49°10'37.1943» с.е., 85°54'32.9563» ш.б.; 6) 49°10'33.3024» с.е., 85°54'32.7998» ш.б.; 7) 49°10'33.3520» с.е., 85°54'29.9891» ш.б.; 8) 49°10'34.4298» с.е., 85°54'29.9269» ш.б.; 9) 49°10'35.9254» с.е., 85°54'27.8500» ш.б.

Жобаға тапсырыс беруші: «Өскемен-Тазалық» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Шоссейный жолағы, 26/2. БСН 130240014994, e-mail: tootazalyk@mail.ru, байланысушы тұлға: Дамир Кумаров, тел.: +7(777)793-07-14.

Жобаларды әзірлеуші: «Альянс-Экология» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Виноградов көшесі, 9, тел. 8(7232)753121, БСН 150440029379, байланысушы тұлға: А. Өнерханұлы, e-mail: allianceecology2015@bk.ru, тел.: +7(776)401-99-66.

Жергілікті атқарушы орган — «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: +7(705)830-06-14, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz

Жоба бойынша құжаттама ҚОМТРЖТ ҰДБ орналасатын <https://ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>, «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде.

Ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесін көруге болатын электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: e-mail: alliance-ecology2015@bk.ru, тел.: +7(777)749-16-16.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ

ТЕЛЕФОНЫ:

8 777 23 97 682, ЭЛЕКТРОНДЫ

ПОШТА: MARKETING@

ALTAINEWS.KZ

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ

■ **Ордебай Талгат** (туған жылы 31.03.1966) 25.01.2022 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус Ж.Б. Нұрмұхамбетоваға ШҚО, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, 3. Ахметов көшесі, №3 ғимарат мекенжайы бойынша жүгінугі тиіс.

■ **Камигат Даримаш** (туған жылы 13.06.1978) 23.10.2025 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар 2026 жылғы 23 сәуірге дейін нотариус Ж.Б. Нұрмұхамбетоваға ШҚО, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, 3. Ахметов көшесі, №3 ғимарат мекенжайы бойынша жүгінугі тиіс.